Товарищество с Ограниченной Ответственностью
«АТАМУРА-ЖУСУП»

Республика Казахстан
Кзыл-Ординская обл.
А/о Акай, ул.Ш. Кудайбергенов 4
РНН330 300 006163
БИН 060 240 016 935

АО «НаодныйБанк Казахстана»
Байконырский филиал Кармакчинский р-н
Р/счKZ046 010 331 000 003 259
БИК HSBKKZKX

ш.н. №03/25
« 25 » наурыз 2025 ж.

«Қызылорда облысының мемлкеттік сатып алу басқармасы» КММ-не

№14149298-1 конкурсы бойынша
Шағым

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының *(әрі қарай-Заң)* 25-бабының 1-тармағына сәйкес, Егер тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне веб-портал арқылы шағым жасауға құқылы.

Осы ретте, Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы *(әрі қарай-Басқарма)* 27.02.2025 жылы жариялаған №14149298-1 «Қызылорда қаласы әкімдігінің "Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімінің аппараты" КММ үшін мемлекеттік сатып алу» (лот-77624043-ОК1) конкурсы бойынша "Атамұра - Жусуп" ЖШС-гі келесідей шағымын келтіреді.

Конкурстық құжаттамаға 7 қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушілерге еңбек ресурстарға ие болу бөлігінде мынадай талаптар қойылды:

«Жұмысшылар» - 3 бірлік;

«Сварщик» - 1 бірлік болуы.

Сондай-ақ, Заңның 11-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші еңбек ресурстарын жұмыстарды орындау орны бойынша облыстың шекарасындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелгендігін растауы қажет.

19.03.2025 жылғы № 14562620 қорытынды туралы хаттамаға сәйкес конкурсқа қатысушы әлеуетті өнім беруші "Атамұра - Жусуп" ЖШС-гі конкурсқа қатысуға жіберілмеген.

Атап айтқанда, еңбек ресурстары бойынша Сварщик – ретінде ұсынылған Нурмаханов Жасулан Бердиевичтің жұмыстарды орындау орны бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелгендігін растайтын құжаттың берілген мерзімі көрсетілмегендігі айтылған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 78-тармағына сәйкес, Егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ қызметкердің электрондық

цифрлық қолтаңбасы не еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі арқылы расталады.

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 23-бабы 2-тармағының 27) тармақшасына сәйкес Жұмыс беруші, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, осы Кодекстің 28-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 13) тармақшаларында көзделген мәліметтер, сондай-ақ 99-бабында көзделген демалыстарды беру туралы мәліметтер қамтылған, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2024 жылғы 28 қарашадағы №1 Нормативтік қаулысының 6-тармағына сәйкес, Еңбек кодексінің 33-бабына сәйкес адамды жұмысқа жіберу еңбек шарты жасалғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Еңбек шартын жасасу, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу еңбек шарты тараптарының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында жүргізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің *(бұдан әрі - ӘРПК)* 8-бабының 1-тармағына сәйкес **Әкімшілік орган**, лауазымды адам және сот әкімшілік **істі қарау кезінде** объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысына олардың әкімшілік **істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге** құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндік пен жағдайды қамтамасыз етуге **міндетті**.

Сонымен қатар, ӘРПК 15-бабының 2-тармағына сәйкес Материалдардың, объектілердің, құжаттар мен мәліметтердің толықсыздығына күмән болған кезде әкімшілік орган, лауазымды адам олардың **толықсыздығын өзі дербес тексеруге міндетті** *(дәлел ретінде Басқарманың 14.03.2025 ж.№06-02/0186 хаты)*.

Осыған сәйкес, "Атамұра - Жусуп" ЖШС-нің өтінімінде Сварщик – ретінде ұсынылған Нурмаханов Жасулан Бердиевичтің жұмыстарды орындау орны бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелгендігін Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік еңбек инспекциясы Комитетінің департаментінен сұрау салу арқылы нақтылау сұралады.

Айтылғандар негізінде, 19.03.2025 жылғы № 14562620 қорытынды туралы хаттаманы қайта қарап, әлеуетті өнім беруші "Атамұра - Жусуп" ЖШС-гін конкурсқа қатысуға жіберуді (допуск беруді) сұраймыз.

Директор **Жусуп Н.**

Тел: 87716667515